# Қазақ тілі сабағы 2 К сыныбында

Сабақтың тақырыбы: ***“Сан есім”***



**“Мичурин орта мектебі” ММ бастауыш сынып мұғалімі.**

**Кукеева Орынкуль Исмагуловна**

Сабақтың тақырыбы:

# Сан есім

# Сабақтың мақсаты:

1) ***Білімділік:*** **Оқушылардың сан туралы білімдерін толықтыра түсу, ой-өрісін кеңейту. Сөйлем ішінен сан есімдерді тауып, сан есімнің зат есіммен байланысын, жазылу емлесін меңгерту.**

**Сөз таптары олардың түрлерін, сұрақтарын, сөйлем ішінен тауып, ажырата білуін, сөйлемдерді сөз таптарына талдай білуге үйрету.**

2) ***Дамытушылық:*** **Жаңа технология элементтерін пайдалана топпен, жұппен, оқулықпен жұмыс жасай отырып, білім сапасын арттыру.**

**Танымдық тапсырмалар арқылы ой белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Компьютермен жұмыс істеу арқылы пәнге қызығушылықтарын қалыптастыру**

3) ***Тәрбиелік:*** **Оқушыларды табиғаттағы тіршілік иелерін сүйе білуге, қорғауға, адамгершілікке тәрбиелеу.**

***Сабақтың түрі:*** дәстүрлі емес

***Сабақтың әдіс-тәсілдері:***

түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, топтық, тіл дамыту, көрнекілік, өзіндік жұмыс, тестілік, ұжымдық

**Технология:** жаңа ақпараттық білім беру технологиясы

***Сабақтың көрнекілігі*:**

**оқулық, тірек-сызба, компьютер, суреттер, қима қағаздар, тест**

***Пәнаралық байланыс*:**

**дүниетану, математика**

## Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1) Сәлемдесу;
2) Психологиялық дайындық;
3) Үйге  берілген тапсырманы сұрау;

II. Өткен сабақты қайталау.

1) Экрандағы тірек-сызба бойынша сөз таптарын қайталау;
2) Көркем жазу (Ққ әрпі  мен Құстар сөзін жазу);
3) Сөздік диктант жазу;
4) Сурет бойынша тіл дамыту жұмысы;
5) Сергіту жаттығуы;

III. Электрондық оқулықпен жұмыс.

1) Ұжымдық жұмыс. Электронды оқулықтың “Оқылым” бөліміндегі з тапсырманы орындау
2) Дидактикалық ойын “Жылдам жауап”;
3) Өзіндік жұмыс. Электрондық оқулықтың “Нәтиже” бөліміндегі 1-2 тапсырмаларды нұсқа бойынша жұмыс;

IV. Топпен жұмыс;

V.  Тест алу;

VI. Бекіту; Математикалық жұмбақ есепті шешу;

VII. Қорытындылау.

-Балалар, бүгінгі сабақтан нені үйрендік?

VIII. Үйге тапсырма. 418-жаттығуды көшіріп жазып, сан есімдердің астын сызу;

IX. Бағалау.


Зат есім
Сөз таптар ы
Сын есім
Сан есім
Етістік

Ққ

Құстар

# Сөздік диктант

*Төрт, он, жиырма,елу, тоқсан,оныншы, жетінші, отыз бес, жиырма үш.*



2-НҰСҚА

***Лездемеге тез жауап бер. Не бірінші?***

- **Сабақ, қоңырау, мұғалім**
- **Түн, күн, ұйқы**
- **Күлкі, күлдіргіш**
- **Күнделік, жалқаулық, екілік**
- **Әріп, әліпби**
- **Жаңбыр, бұлт, лайсаң**
- **Шаш, бас, бантик**
- **Кітап, жазушы,баспа**
- **Ағаш, топырақ, тұқым**

## Топтық жұмыс

I топ *Нешінші? деген сұраққа жауап беретін етіп өзгертіңдер.*

*бес сынып-*

*он алты дәптер-*

*жиырма үй-*

II топ Сан есімдерді қойып көшіріп жаз. Сан есімдердің астын сыз.

*Болат... жаста. Ол ... сыныпта оқиды.*

III топ Сан есім қойып жаз

*Оның да біл есебін,*

*Әр аптада неше күн?*

# Математикалық жұмбақ есеп

Табақта он бес алма,
Қолымда 4 алма,
Барлығын қосқанда
Болады неше алма?
Екеуін бердім апама,
Екеуін бердім атама,
Үшеуін алды інім
Нешеуі қалды өзімде?
12

| 1- НҰСҚА | 2-НҰСҚА |
| --- | --- |
| 1.А | 1. Б |
| 2.А | 2.Ә |
| 3.Ә | 3. А |
| 4.Б | 4. В |
| 5.В | 5. Ә |
| 6.В | 6. А |
| 7.Б | 7. Б |

# Үй тапсырмасы

## 4-жаттығу

Цифрларды санмен жазып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Сан есімдерді тауып, астын сызыңдар.